



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 41 (892) 16 қазан 2025 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](http://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

## КӨШІ-ҚОН

Биыл бірінші қазанға дейін ерікті қоныс аудару шеңберінде еліміздегі жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге 5 213 адам көшкен. Оның ішінде Солтүстік Қазақстанға 1516 адам көшкен.

## ОБЛЫСҚА БИЫЛ 1516 АДАМ КӨШІП КЕЛДІ



Барлық қоныс аударушыға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді. Осы жылдың соңына дейін 9 653 адамды көшіру жоспарлануда.

Өңірлер бойынша, Павлодар облысына – 1 886 адам, СҚО – 1 516 адам, Қостанай облысына – 575 адам, ШҚО – 490 адам, Абай облысына – 305 адам, Ақмола облысына – 257 адам, Атырау облысына – 103 адам, Ұлытау облысына – 43 адам, Қарағанды облысына – 38 адам қоныс аударды.

Қоныстану аймақтарына көшкен қандастар негізінен Өзбекстаннан – 612 адам, ҚХР – 563 адам, Моңғолиядан – 377 адам, Ресейден – 84 адам, Түрікменстаннан – 49 адам және басқа елдерден – 49 адам келген.

Еңбекке қабілетті жастағы 2 307 адам келгендердің ішінен тұрақты жұмыс орындарына 1 041 адам жұмысқа орналастырылды, 38 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысады.

Қоныс аударушылар мен қандастар денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, білім беру, өнеркәсіп және тағы басқа салалар бойынша жұмысқа орналасты.

Естеріңізге сала кетейік, ерікті қоныс аудару аясында қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады:

- отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде көпуге арналған бір реттік субсидия;
- отбасы мүшелері саны мен елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 12 ай ішінде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ай сайынғы субсидиялау;
- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;
- жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;
- экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру.

## ЖҰМЫС САПАРЫ

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс барысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров егін жинау науқанының барысымен және 8 000 басқа арналған сүт-тауар фермасының құрылыс жұмыстарымен танысты.

«Березка Агро» ЖШС егін шаруашылығына маманданған және жалпы ауданы 3 381 гектар ауыл шаруашылығы жеріне иелік етеді, оның 2 396 гектары - егістік жерлер. Биыл барлық егістік алқаптарда жаздық егіс жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, дәнді және дәнді-бұршақ дақылдары - 2 254 гектарды қамтиды, соның ішінде бидай - 1 754 гектар, арпа - 500 гектар, біржылдық шөптер 142 гектарға егілген. Орташа өнімділік гектарына 28 центнерді құрайды.

Шаруашылықта МТЗ және Case тракторлары, астық жинайтын комбайндар сияқты заманауи техника бар.

Фермерлермен кездесуде Айдарбек Сапаров бұл шаруашылықтар жер ресурстарын тиімді және ұтымды пайдаланып отырғанын атап өтті.

«Бүгінде заманауи технологиялар-

ды енгізіп, тұрақты дамып келе жатқан шағын және орта шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. Олардың табысты қызметі - елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі», - деді министр. Жұмыс сапарының негізгі бөлігінде министр «Зенченко және К» агроөнеркәсіп кешеніне барды. Бұл Қазақстандағы ең ірі агрокәсіпорындардың бірі.

Аталған шаруашылық егін, мал шаруашылығы және қайта өңдеуді біріктірген өліміздің озық агрокәсіпорындарының қатарынан саналады.

Кәсіпорын тұрақты түрде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Мәселен, астық дақылдарының өнімділігі гектарына - 36,9 центнер, майлы дақылдар - 24,3 ц/га, мал азығы дақылдары - 78,15 ц/га, картоп - 335,38 ц/га.

Өндірістік паркте 252 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар, оның

ішінде 69 комбайн, 120 трактор және 30 егіс кешенін атап өтуге болады.

Компания құрамына 7 заманауи сүт-тауар фермасы кіреді, онда 11 128 бас ірі қара мал бар, оның 4 452-сі сауын сиыр.

Бір сауын сиырға шаққандағы орташа сүт өнімділігі - 6 320 кг, ал 2025 жыл басынан 28 525 тонна сүт өндірілген.

Кәсіпорын қазіргі уақытта «Зенченко және К» мегафермасының құрылысын жүзеге асыруда. Бұл жоба өңірдегі ең заманауи және технологиялық тұрғыдан жетілген мал шаруашылығы кешені болмақ.

Жаңа нысанның жылдық қуаттылығы 25 мың тонна сүт деп күтілуде және ол Солтүстік Қазақстан облысында сүт кластерін қалыптастырудың өзегіне айналмақ.

Айта кетсек, өңірде 110 сүт фермасы жұмыс істейді, оның 42-сі - жоғары технологиялық, автоматтандырылған басқару жүйелерімен жабдықталған заманауи кешендер.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

## АУДАН БОЙЫНША 20 000 АСТАМ ТҮРАІ АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



11 қазан күні Магжан Жұмбаев ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы өтті.

Іс-шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов және мекемелердің бірінші басшылары қатысып, жұртшылықпен бірге көшет отырғызу атсалысты.

Акция барысында аудан бойынша 20 000-нан астам түрлі ағаш көшеттері отырғызылды.

Сонымен қатар елді мекендерді көркейту мен абаттандыру мақсатында ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді.

Акцияға еріктілер, ардагерлер және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері белсене қатысып, туған өлкенің тазалығы мен экологиясына жанашырлық танытты.

Алдағы уақытта отырғызылған ағаштарға қамқорлық пен күтім жасалып, әрбір көшет аудан көркін арттыратын көрікті әрі еңселі ағашқа айналатын болады.

# АУДАНДА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ БАҒЫТЫ ОҢ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН



Шараның мақсаты айқын - Мемлекет басшының Жолдауында айтылған дүниелерді халыққа жеткізу, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындау. Алқалы жиынның шымдығын аймақ басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов ашып, өңірдің экономикалық даму қарқынына тоқталды.

«СҚО-да 600-ге жуық ауыл бар. Соның 90 пайызы орталықтандырылған сумен қамтылған. Биыл өңірде 1100 шақырым жол жөндеу көрді. Аграрийлерге «Кең дала-2» бағдарламасы аясында 105 млрд тенге қаржы бөлінді. Бұл көктемгі және күзгі дала жұмыстарын абыроймен атқаруға зор көмегін тигізді. Өңірде жыл сайын түрлі кәсіпорындар ашылуда. Осының нәтижесінде жұмыссыздық саны 4 пайызға дейін қысқарды», - деді облыс әкімі.

Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов алқалы жиналда Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасының Президент Кеңесшісі Мәлік Отарбаевқа және облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовке аудан бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері туралы баяндама жасады.

**СҚО-да ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың қатысуымен жиын өтті. Алқалы отырысқа барлық деңгейдегі әкімдер, басқарма басшылары және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.**

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында инвестиция тарту бағытына ерекше назар аударылды. Бұл жұмыс Мағжан Жұмабаев ауданында оң жолға қойылған. Аталған аймақта Орталық Азиядағы ең ірі тауарлы сүт фермасы салынып жатыр.

Жоба құны - 8 млрд тенге. Тағы осындай кәсіпорын «Булаево жер» серіктестігінде де тұрғызылуда. Өндіріс орындары қолданысқа берілгеннен кейін 110 адам жұмыспен қамтылады.

Өз сөзінде әкім Президент тапсырмасы бойынша өңірде жаңа инвестициялық даму циклі жүзеге асырылып жатқанын да атап өтті.

- Қазіргі заманға сай фермалар салынып, кәсіпорындар жаңартылуда.

Сондай-ақ өңірде өндірісі дамып, жаңа жұмыс орындары ашылуда.

Аграрлық салада сандық технологиялар мен жасанды интеллект элементтері енгізілуде, бұл тиімділікті арттырып, шығындарды азайтады.

Сол уақытта жолдар, су жүйелері және инфрақұрылым объектілері жаңартылуда.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Мемлекет басшысының бастамасымен экологиялық акциялар мен қозғалдыру жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік қолдау мен білім беруге ерекше назар аударылады - сандық технологиялар бойынша жаңа үйірмелер ашылып, жастар үшін еңбекке тарту мүмкіндіктері жасалуда, - деді аудан басшысы.

Осы шаралардың барлығы - ауданның тұрақты дамуына және Мемлекет басшысы қойған тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Аудан әкімі Рахат Смағұловтың сөзінше, қазақтың нар тұлғасының аты берілген аймақта Президенттің тапсырмасы жүйелі түрде орындалып жатыр. Оның ішінде шекаралық өткізу бекетін жаңарту жұмысын ерекше атап кетуге болады.

- Ауданда «Қарақоға» шекаралық өткізу

бекеті жұмыс істейді. Нысанды келесі жылы жаңғыртатын боламыз. Маңызды жұмыс аясында электрондық кезек жүйесі енгізіледі. Соның 5 жыл ішінде ауданда 5 млрд тенгеге 241 шақырым жол жөндеді, - деді Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов.

Мәлік Отарбаев облысқа Президент Жолдауындағы маңызды бағыттарды түсіндіру үшін келгенін және Мемлекет басшысының кеңесшісі өзекті мәселелерді жасанды интеллекттің көмегімен шешуге болатынын айтты. Сондай-ақ, ол облыстағы атқарылған жұмыстарды жоғары бағалады.

«Солтүстік Қазақстан облысының даму қарқынын жоғары бағалаймын. Кеше ғана Есіл ауданының тұрғындарымен кездестім. Тұрмыстарының жақсы екеніне көзім жетті. Алға баса беріңіздер, - деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Мәлік Нұржанұлы облыстағы өзекті мәселелерді де көріп, оларды Мемлекет басшысына жеткізіп, шешу жолында біршама жұмыс атқарылатынын айтты.

18 ҚАЗАН - РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ

## РУХАНИ КЕЛІСІМ - БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Қазақстан - біздің Отанымыз, үлкен шаңырағымыз. Шаңырақтың керегесі кең болуына уықтардың мықты, бекем болуы әсер етеді. Елімізді еңселі шаңырақ деп есептесек, түрлі ұлттар мен ұлыстарды сол шаңырақты ұстап тұрған уықтары десек болады. 18-ші қазан - Рухани келісім күні. Бұл күн - адамдарды ұлты мен діни сеніміне қарамастан бір қоғамға біріктіретін тұрақтылық пен келісім күні болып аталып келеді. Мерекеңіз аталып өтуі мемлекетімізде бірлік пен татулық, ауызбіршілік пен сыйластық орнату үшін маңызды.

Атаулы мерекені 33 жыл ішінде қол жеткізген маңызды жетістіктерінің бірі қазіргі заманғы қазақ қоғамында ұлтаралық және дінаралық келісімге негізделген әлеуметтік тұрақтылық болып табылады. Бұған негіз болған 33 жыл бойына 18-ші қазан күні аталып өтілетін Рухани келісім күні!

Егемендік алғаннан бері бұл күнді ерекше атап өтудегі мақсат - еліміздегі 17 конфессия діни бірлестіктері мен 130-дан астам ұлт өкілдерінің басын біріктіру, тұрақтылық пен тыныштық орнату. Бүгінгі таңда Рухани келісім көптеген елдер үшін бірінші кезектегі міндетке айналды. Осы жағдайда Қазақстан ұлттық бірлігіне негізделген тұрақтылықты көрсетіп отыр. Елімізде өмір сүретін этностардың ауызбіршілігі мен төзімділігі, қазақстандықтар үшін егемендік құру жолындағы күрделі кезеңдерден өтуге жәрдемдесті және әлі күнге дейін ел дамуына үлкен қушақт беріп отыр. Көпұлтты еліміз үшін бұл күннің маңызы зор.

Ұлтына, дініне, жынысы мен нәсіліне, жасы мен нанымына қарамастан, біздің қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылық үшін бірімізді біріктіретін бұл бірлік пен келісім мерекесі. Кез келген мемлекеттің табысты дамуының негізіне



дәл бейбітшілік пен келісім жатады. Қазақстанда тату көршілік пен рухани бірлікте 3,5 мыңнан астам діни ұйымдарды біріктіретін 18 конфессияның өкілдері тұрады. Мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі азаматтардың діни сенімдеріне құрметпен және ұқыпты қарау болып табылады. Біздің елімізде діндарлар тінді еркін ұстануға, өз этносының мәдениеті мен әдет-ғұрпын дамытуға мүмкіндік алады.

Әлем дабылдар мен қауіп-қатерлерге толы жағдайда, мемлекет, діни бірлестіктер мен азаматтық қоғам конфессияаралық ұнқатысуды және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды тиімді дамыту жөніндегі

белгіленген бағытты сақтау және жалғастыру үшін біртұтас болуға тиіс.

Тәуелсіздік жылдары ішінде өзімізге тән тамаша дәстүрлер қалыптасты. Атап өтсек, Қазақстан астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтіп тұрады. Биыл да 17-18 қыркүйек күндері Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен VIII съез өтіп, оның жұмысына әлемнің 60 елінен 100-ден астам делегация қатысты. Олардың қатарында әлемдік діндердің рухани көшбасшылары, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар, саясаттанушылар, сондай-ақ қоғам қайраткерлері бар.

Форумның басты тақырыбы -

«Діндер диалогы: болашақ үшін синергия». Съезд бағдарламасы аясында секциялық отырыстар өткізілді, онда жаһандық күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелер қаралды.

Съезд аясында «Жастар бейбіт қатар өмір сүргені үшін: болашақ үшін синергия» тақырыбында жас діни лидерлердің II форумы, сондай-ақ «Бүгінгі мәдениетаралық және дінаралық диалог» атты сараптамалық дөңгелек үстел өтті.

VIII Съез жұмыстың басым бағыттары белгіленген қорытынды Декларацияны қабылдаумен аяқталды. VIII съездің Декларациясы рухани көшбасшылардың пікірлерінің жиынтығы ғана емес, бүкіл халықаралық қоғамдастыққа бағытталған стратегиялық құжат болды. Оның мақсаты - жаһандық мәселелерге назар аудару және халықтар арасындағы бейбітшілікті, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ету.

Қорытындылай келе айтармын, Рухани келісім - біздің ұлттымызға тән үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақжайлылық, татулық, достық, ауызбіршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Халқымыздың татулығы мен бірлігі - еліміздің өркендеп, алға басыуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату - еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

Осы жарқын мерекеде баршаңызға зор денсаулық, жақсылық және амандық тілеймін! Әр отбасында және біздің ортақ үйіміз - Қазақстан Республикасында бейбітшілік пен тыныштық болсын.

**Айгүл АБСАЛЫҚОВА,**  
аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

## ТУҒАН ЖЕРІМ - ТУҒАН ЕЛІМ

Жұмысшы мамандықтар жылына және Нан күніне орай, Қарақоға ауылдық Мәдениет үйінде «Туған жерім - туған елім» аудандық байқауы болып өтті.

Мәдениет үйінің дәлізінде құрметті қонақтар – әділ қазыларды «Шашу» атты тамаша дәстүрмен қарсы алып, олардың құрметіне домбыраның қоңыр әуенімен айтыстың әдемі жолдары шырқалды. Кіре-берісте түрлі-түсті безендірілген «Нан болса, ән де болады» атты еңбек адамдарының өміріндегі нанның рөлі туралы кітаптар көрмесі ұсынылды. Сондай-ақ қонақтар Қарақоға орта мектебінің жанында жұмыс істейтін «Перспектива» фотостудиясының фотокөрмесін тамашалады. Тақырыпқа сай әдемі түсірілген суреттерді үйірме жетекшісі Е.И. Егоренко мен жас фотосуретшілер таныстырып, өлеңдер оқып, меймандарға бауырсақ, нан мен тұз ұсынды.

Әрі қарай қазылар алқасы мен шақырылғандар мәдени ұйымдастырушы Т.Ю. Курприянованың өнерлі қолдарымен жасалған ерекше фотоаймаққа өтіп, жел диірменіне тамсанып, сүт өнімдері мен көкөністер қойылған мерекелік дастарханнан дәм татты.

«Булаево Жер» ЖШС нан өнімдерімен байытылған үстелдер мен «Жас агроном» әнін шырқаған ауылдық ардагерлер кеңесі делегациясының өнері мерекенің сәтті өтуіне жол салды.

Көтеріңкі көңіл-күйге бөленген қазылар алқасы мен шақырылған қонақтар әдемі аудиториядан өз орындарын алып, ауыл әртістерінің қойылымдарын тамашалады.

Сахнада Мағжан бейнесін сомдаған әртістің, «Тың» қойылымын қойған



қатысушылардың (Зиберт Злата, Калинин Артем, Попова Анастасия, Грязнова Полина) және басқа да ән салып, би билеген өнерпаздардың өнері ерекше бей-жай қалдырмады. Концерт бір деммен өтіп, бағдарламалар байқау тақырыбымен үндесіп, көрерменнің көңілінен шықты.

Қарақоға ауылдық Мәдениет үйінің шығармашылық жұмыс көрермендерге қызықты, тақырыптық, жарқын және мазмұнды бағдарлама ұсына білді.

Мерекелік байқауға балабақша тәрбиеленушісінен бастап әжелердің вокалдық тобына дейінгі әртүрлі жастағы өнерпаздар қатысты. Әр қатысушының өнері - басты мақсат: «нан тек қана ас емес» деген негізгі идеяны ашуға арналып, оның артында тракторшы, нан өсіруші, наубайшы, жүргізуші сияқты жұмысшы мамандық иелерінің үлкен еңбегі жатқанын көрсетуге бағытталды. Осылайша, концерттік бағдарлама барысында туған жерге деген сүйіс-

пеншілікті, еңбекке деген құрметті жеткізе білген байқау қатысушылары тамаша өнерлерімен тағы да шығармашылық шеберліктің жоғары деңгейін паш етті. Жүзден астам өнерпаз қатысқан байқауға әділ қазылар жоғары баға беріп, өнерлі ұжымға шығармашылық табыс тіледі.

**Ирина ШЕРШНЕВА,**  
Қарақоға ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

### «ЕЛДІ ЗЕРТТЕУ» ЖОБАСЫ

## ТАНЫМДЫҚ САПАР - ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ



Кездесуге қатысушылар алдында сөз сөйлеген Серік Жұмағұлов бұл сапар – туған өлкенің тарихы мен мәдениетін тереңірек танып-білуге, көршілес өңірлердің дәстүр байлығымен жақынырақ танысуға және отансүйгіш рухты қалыптастыруға бағытталған маңызды шара болғанын жеткізді.

Бүгінгі кездесуіміз айтулы оқиға - «Елді зерттеу» жобасы аясында Шал ақын және Тайынша аудандарына жасалған танымдық сапарға арналып отыр. Бұл күнді біз туған өлкемізді, оның тарихы мен рухани құндылықтарын тереңірек танып-білу жолындағы ерекше белес деп қабылдаймыз.

Биылғы маусым айында аудандық тарихи-өлкетану мұражайы, білім бөлімі және ауданның шығармашыл оқушылары мен ұстаздарының ұйымдастыруымен осы өлкелерге танымдық сапар жүзеге асты. Ол тек туған жерімізді зерттеу мен насихаттау жұмысының бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар Отанға деген сүйіспеншілікті, оның мәдениеті мен тарихи мұрасына құрметті тәрбиелеуге қосылған маңызды үлес болды.

Бұл сапар оқушылардың көкжиегін кеңейтіп, уақыт сабақтастығын сезінуге және көршілес өңірлердің дәстүр байлығына жақыннан үңілуге мүмкіндік берді. Бүгін біз аудандық музей қабырғасында бас қосып, сапардың қорытындысын шығарып, оқушылардың алған әсерлері мен ашқан жаңалықтарын бейнелейтін шығармашылық жұмыстарымен танысудамыз. Бұл шараның ерекше маңызы —

**Аудандық тарихи-өлкетану музейінде ауданның шығармашыл оқушылары мен ұстаздарының қатысуымен Шал ақын және Тайынша аудандарына ұйымдастырылған танымдық сапардың қорытындысына арналан ерекше кездесу өтті.**

оның Қазақстан Республикасының күніне орай өткізіліп отырғандығында. Бұл мереке — ел бірлігінің, тәуелсіздіктің және мемлекетіміздің жарқын болашағының айшықты нышаны, - деді тарихи-өлкетану музейінің директоры Серік Тұраұлы.

Кездесу барысында оқушылар мен

ұстаздар өз әсерлерімен бөлісіп, сапардың жарқын сәттерін бейне материалдар арқылы еске алды. Сонымен қатар, жас суретшілердің «Сағындым» атты пленэр аясында салған шығармашылық туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Мұнда жиналғандар сурет

өнері мен шабыттың ғажайып өлемімен танысуға мүмкіндік алды.

Іс-шараға аудандық білім бөлімі, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, орталық аудандық кітапхана, «Алтынұрақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы және аудан мектептерінің өкілдері қатысты. Бөрінің міндеті бір – жергілікті өлкетануды насихаттау. Осы қызметті жүзеге асырудың басты құралы – мектеп оқушыларының шығармашылығы. Сондықтан музей жоғарыда аталған мекемелермен және қосымша білім беру саласымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Кездесудің басты мақсаты – жас ұрпақтың туған жерге, оның тарихы мен мәдениетіне және рухани құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру болғандықтан қатысушылар естелік суретке түсіп, шығармашылық ойларымен бөлісіп, болашаққа жоспар құрды.

Аталмыш экскурсия балалар үшін нағыз таным мектебіне айналғаны сөзсіз: олар бірегей ескерткіштерді көріп, мәдени дәстүрлермен танысты және алдағы шығармашылықтарына шабыт алды. Мұндай сапарлар алдағы жылы да жалғасын тауып, дарынды жастарымыздың туған өлкеге арналған құнды еңбектері әлі де дүниеге келе беретініне сенеміз.

**Мансия ТҰРЛЫБЕКОВА,**  
аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі.



19 ҚАЗАН - ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ЖАСЫЛ ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ЖАНАШЫРЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

*Қазан айының үшінші жексенбісінде елімізде Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Халқымызда «Атадан мал қалғанша – мал қаласын» - деген даналық сөз бар. Орман – біздің баға жетпес байлығымыз, халқымыздың ең дәуремі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі мал егу, орманды алаңдандыру ұжайыу ісін тікелей назар аударып отыр.*



Орман - біздің баға жетпес мұрамыз, қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік беретін табиғат сыйы. Бұл құнды ресурсты сақтау және көбейту аса маңызды. Осы ретте Мемлекет басшысы бес жыл ішінде ормандарға 2 миллиардтан астам ағаш отырғызу және елді мекендерде 15 миллионнан астам ағаш отырғызу жөнінде ауқымды тапсырма берген болатын.

Осыған орай, ағаш отырғызу тапсырмасын орындау үшін «Булаев орман шаруашылығы» КММ биыл 271,9 га аумаққа 1817,6 мың түп ағаш отырғызды, сондай-ақ осы ұсыныс аясында елді мекендер аумақтарында «Таза Қазақстан» акциясы белсенді жүргізілуде. Көбінесе, қайың, қарағай, қарағаш, шаған сияқты ағаш түрлері отырғызылып жатыр.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ орман алқабының аумағы - 88497 га құрайды.

Биылғы жоспар – 340 га алқапқа 2482 мың түп ағаш отырғызу. Қазір мекеме қызметкерлерінің барлығы орман алқаптарында еңбек етіп, алға қойылған жоспарды аяқтауға жақын.

Солардың ішінде Суворов орман шаруашылығының орманшылары аянып қалмай, жас басшы Жанат Абәвпен бірге орман алқаптарында тер төгуде. Аталған орман шаруашылығының аумағы – 27406 га құрайды. Мұнда 3 шебер учаскесі мен 18 орман айналмасы бар.

Жанат Әділетұлының айтуынша, орман шаруашылығы ағаш отырғызу, санитарлық ағаш кесуді жүргізу, өрттен қорғау мақсатында минералдандырылған жолақтар жасау, зиянкестерден қорғау, заңсыз ағаш кесуге жол бермеу сияқты мәдени шаруашылық жұмыстарды атқару үшін барлық қажетті техникамен және құрал-

жабдықтармен жарақталған. Суворов орман шаруашылығында 4 МТЗ тракторы, 2 УАЗ, 2 Нива, «Соболь» газелі сияқты автокөліктер бар, өрт сөндіру үшін 3 текше метр су тасымалдайтын сыйымдылық орнатылған тіркеме, өрт сөндіру көлігі жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, әр орманшы өрт сөндіру сөмкесімен, балтамен, сыпырғышпен, шелектермен, күректермен, рацеямиен және басқа да бекітілген қажетті саймандармен қамтамасыз етілген.

Биыл біздің орман шаруашылықта 20398 текше метр ағашты қамтумен 189,1 га аумақ санитарлық жаппай кесілсе, басты мақсатта пайдалану үшін 32,5 га алқапта 5050 текше метр ағаш кесу жүргізілді.

Қазіргі таңда біздің ұжым мен техника ағаш отырғызу жұмыстарына жұмылдырылған. Бәрі бір адамдай, ортақ іске үлес қосып жатыр, - дейді Суворов орман шаруашылығының басшысы Жанат Абәев.

Басты кейіпкеріміз жайлы ақпарат бере кетсек, Жанат – 1998 жылы 3 қарашада Қарақоға ауылында дүниеге келген. 2016 жылы Қарақоға орта мектебін бітіріп, 2020 жылы Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша диплом алып, ауыл шаруашылығы бакалавры

біліктілігіне ие болады.

Университет бітіргеннен кейін жас маман еңбек жолын «Булаев орман шаруашылығы» КММ орманды күзету және қорғау инженері болып бастайды.

Қызметтік міндеттеріне сәйкес ол орман күзеті мен табиғат қорғау заңнамасын қадағалау, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, анықталған бұзушыларға әкімшілік материалдар жасау бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізеді. Куәландыру актілерін жасай отырып, ағаш кесу орындарын тексеру, орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын анықтауға орман патологиялық тексеруді белсенді өткізеді.

Өзі ісіне жауапты, жүктелген міндеттерді уақытылы әрі сапалы орындауымен, мекеменің қоғамдық өміріне белсене араласуымен көз түскен еңбекқор орманшы ұжымда үлкен құрметке бөленеді. Күнделікті өмірде қарапайым болғанымен, еңбек тәртібін қатаң сақтап, жұмыс барысында ол өзін орман шаруашылығының сауатты әрі жауапты қызметкері ретінде көрсетеді.

Осылайша, 2024 жылдың 23 шілдесінен бастап Жанат Абәев - Суворов орман шаруашылығының орман басшысы болып тағайындалады. Бұл қызметте де Жанат іскерлік танытып, басшылықтың жүктеген тап-

сырмаларын ұжымымен бірге атқарып келеді. «Жас келсе, іске» демекші, басшылық пен өріпестері Жанаттың болашағынан үлкен үміт күтетінін жасырмайды.

Әр орманшының еңбегі - еліміздің табиғаты мен экожүйелерін сақтауда орасан зор маңызы бар. Олар ормандарды қорғап, қалпына келтіріп қана қоймай, биоаулантүрлілікті сақтап, болашақ ұрпаққа таза ауа мен дән сау табиғи орта қалдыруға үлес қосып келеді.

Әсіресе, жас толқын осы салаға бет бұрып, табиғатты қорғау үшін атсалысуы қуантады. Өрине, орман шаруашылығындағы жұмыс үлкен күш-жігерді, батылдық пен жаңқирлықты талап етеді. Осындай жас әрі іскер мамандарды орман шаруашылығы саласының тәжірибелі әрі майталман қызметкерлері алға бастап, бірлесе үлкен іс атқарса, біздің жасыл ормандарымыз өлі де әсемдігімен, тіршілік күш-қуатымен қуанта беретіні анық.

Ендеше, қыстың қақаған аязы мен бұрқаған боранында, жаздың аптап ыстығында табиғаттың осынау керемет сыйын көздің қарашығындай қорғап жүрген барша орман шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына бақ-береке, мол табы тілейміз!

19 ҚАЗАН - ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

# ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ – БАТЫРЛАР МЕРЕКЕСІ!

№12 Булаев өрт сөндіру бөлімінің басшысы Нұрбек Қайыржановтың айтуынша, өрт сөндіруші Тілектес Шибучиков – көпшіл, кішіпейіл әрі өзіне жүктелген кез келген міндетті аса жоғары жауапкершілікпен атқаратын нағыз кәсіби құтқарушы.

Құрыштай шымыр денелі, орта бойлы, ойлы көзді, көп сөзге жөк кіші сержант Тілектес Дәулетбайұлы азаматтық қорғау саласына 2017 жылы келген. Осы аралықта ол құтқарушылар сапында тұрғын үй секторында орын алған өртпен күресіп, соңғы шок сенгенше арналысып келеді. Оның есіне осыдан төрт жыл бұрын орын алған оқиға есіне ерекше түседі екен.

Оқиға былай өрбеген: Булаев қаласының Строительная көшесіндегі екі қабатты тұрғын үйден өрт шығып, оған өрт сөндіру бөлімінің құтқарушылары лезде жетеді. Өртке оранған пәтердің есігін кіру қауіпті болған соң, құтқарушылар екінші қабаттағы пәтерде қалып қойған егде адамды баспалдақ арқылы құтқару туралы шешім қабылдайды. Тез арада баспалдақ жайылып, терезеге көтерілген соң, құтқарушылар зейнеткерді баспалдақ арқылы жерге түсіріп алып, өрт сөндіруге кіріседі. Нәтижесінде, қысқа уақыт ішінде тілсіз жау ауыздықталып, өрт сөндірушілер елдің алғысына бөленген екен.

Мұндай оқиғалар ерекше есінде қалады. Өйткені адам өмірін құтқару – біз үшін басты мақсат. Отан қалды, бұл біздің күнделікті жұмысымыз, атқаратын міндетіміз ғой. Өз басым ерлік жасадым деп емес, қызметтік міндетімді атқардым деп ойлаймын, – дейді бесаспап құтқарушы.

Бір бойына батылдық пен өжеттікті жинаған Тілектес Шибучиков құтқарушының қиын да қауіпті жұмыс атқарып жатқанымен оның өрбір сөзінен, өрбір іс-әрекетінен қызметіне деген ерекше құрметі байқалып тұр.

Шынында да төтенше жағдайлар



Жыл сайын 19 қазанда елімізде Құтқарушылар күні атап өтіледі. Бұл күнде өз өмірлерін басқаларды құтқару үшін қатерге тігетін батыр жандыларға құрмет көрсетіледі. Бұл адамдар ауыр да, жауапты міндетті арқалап жүр. Сондай бейбіт күннің батыры атағына лайық жандардың бірі - №12 Булаев өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі - Тілектес Шибучиков.

қызметінде еңбек ететін өрбір өрт сөндіруші, өрбір құтқарушы – біз үшін батыр тұлға. Оларға басқа тенеудің қажеті шамалы.

Азаматтық қорғау органдарында 8 жылдай қызмет етіп келеді жатқан кейіпкеріміз осы уақыт ішінде қала аумағында орын алған өрттерді жоюға және басқа да апаттық-құтқару жұмыстарына қатысып, ерлік пен қызметтегі шеберлігін жан-жақты дәлелдеген қызметкер.

Ал енді Тілектеспен жақынырақ танысақ, ол 1994 жылы 4 тамызда Ақмола облысы, Қосшы қаласында дүниеге келген. Ол - Дәулетбай мен Тамаша Шибучиковтар отбасының төрт қыздан кейін

көптен күткен ұлдары. Бұл жанұя 1997 жылы Медвежка ауылына көшіп келіп, қазірге дейін осында тұрып жатыр.

Тілектес Шибучиков 2012 жылы ауыл мектебін бітіріп, үш жыл бойы Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан көсіптік-педагогикалық колледжінде жол қозғалысын ұйымдастырушы мамандығы бойынша білім алады. Қолына диплом алған соң, еңбек жолын Булаев қаласындағы автомектепте нұсқаушы болып бастайды. Бір жылдан соң, қосымша білім беру орталығына ауысып, картинг бойынша жаттықтырушы лауазымында жұмыс істеді.

2016 жылы 40-күндік әскери жиыннан

өтіп, 2017 жылы азаматтық қорғау органдарында қызмет етуді шешіп, қажетті құжаттар жинап, сынақтан өткеннен кейін Возвышенка өрт сөндіру бекетіне жұмысқа кіреді. Аудан әкімінің Алғыс хатын иеленген құтқарушы 2020 жылы №12 Булаев өрт сөндіру бөліміне өрт сөндіруші лауазымына ауысып келеді.

Тілектес 2018 жылы Айжан есімді арумен шаңырақ құрып, қазір жұбайымен бірге Айым және Аяулым атты қыздарды тәрбиелеп отырған бақытты отбасы. Логoped мамандығын меңгерген зайыбы оның қызметтік міндетін мінсіз орындауы үшін үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Иә, құтқарушы болу адамнан қайсарлық пен шыдамдылықты, жылдамдық пен күш-жігерді талап етеді. Олар тәуекелге бел буып, қажыр-қайратты жиып, төтенше жағдайдан зардан шеккендерді түрлі апаттан құтқарады. Адам аяғы жете бермейтін тау мен тасты, дала мен орманды кезіп, аласқан адамдарды іздеу-құтқару жұмысын жүргізеді. Түрлі табиғат апатынан да, суға батқандарды да құтқарады. Жалпы, құтқарушы болу үшін физикалық та, психологиялық та дайындық керек-ақ. Ал біздің бүгінгі кейіпкеріміз Тілектестің бойынан осы қасиеттердің барлығы дерлік табылады. Оны біз өңгіме барысында байқадық...

Тілектес сынды құтқарушылар – кәсіби борышты ар-намыспен атқарып жүрген тұлғалар. Олар – біздің заманымыздың тыныш күндегі қаһармандары. Қауіп-қатерге бетпе-бет келіп, өзгені өмірін сақтап қалу – өркімің қолынан келе бермейді. Олардың ерлігі – құрметке, алғысқа және ұрпақ жадында сақталуға лайық.

Халқымыздың игілігі мен табиғатымыздың құндылықтарын түрлі қауіп-қатерден қорғап, бүгінге дейін мыңдаған адамның ғұмырын сақтап қалған құтқарушыларымызға тол мереке күні жауапты жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амаңдық тілейміз!

# АУДАНЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Өткен жұма күні аудандық Мәдениет үйінде спорт саласында еңбек етіп, облыстық жарыстарда аудан намысын қорғап жүрген спортшылар мен жаттықтырушыларға құрмет көрсетуге арналған салтанатты жиын болып өтті. Мәдениет үйінің кіре-берісінен мерекелік көңіл күй сезіліп-ақ тұрды: үлкен баннер ілініп, ұлттық киім киген ержүректі батырлар естелік суретке түсушілерге ерекше рух бергендей болды. Сондай-ақ қонақтар «Алтын ұрпақ» балалар және жасөспірімдердің шығармашылық орталығына қарасты Қарақоға бөлімшесі өнерпаздарының орындаған «Ерке сылқым» күйін тыңдап, «Сүйікті спортшыңыздың суретін салыңыз!» атты байқауға қатысты. Одан әрі құрметті меймандар мен мерекеге қатысушылар аудан спортшыларының қол жеткізген марапаттары – кубоктарды, медальдарды, белбеулерді байқап көріп, быылғы жарыстардан бейнеролик тамашалады.

Бұл күні залға жиналған спортшыларды, жаттықтырушылар мен ардагерлерді аудан әкімі Рахат Смағұловтың атынан оның орынбасары Азамат Шәріпов құттықтады. Ол өз сөзінде ауданда спортпен дене дене шынықтырумен шұғылданып мағжандықтар саны жыл сайын артып, аудан әкімдігі тұрғындар үшін барлық қажетті жағдай жасауға тырысып келе жатқанын тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және балаларды қолдауға басымдық беру керектігін айтып келеді.

Біздің Мағжан Жұмабаев ауданының спортшылары халықаралық, облыстық жарыстарда лайықты өнер көрсетіп, топ жарып, жүлдегер атанып жүр. Мәселен, шайбалы хоккейден аудан құрамасы облыс әкімінің кубогын жеңіп алса, ринг-бенди командасы облыс чемпионы атанды. Сондай-ақ асық атудан аудан құрама командасы жарыс жеңімпазы болып танылды. Баскетбол командасы күміс жүлдегер атанса, футболшылар қола медальды иеленді. Шаңғы жарысы, жеңіл атлетика, ауыр атлетика



және басқа спорт түрлері бойынша аудан спортшылары лайықты өнер көрсетті. Сол себепті біз бүгін аудан спортшылары мен жаттықтырушыларын қолдау үшін оларды арнайы жинап, марапаттауды жөн көрдік, - деді Азамат Сайранұлы.

Содан кейін сахнаға жыл бойы жақсы нәтиже көрсеткен жаттықтырушылар шақырылып, олар аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Биылғы жылдың ерекшелігі – дене шынықтыру және спорт бөлімі «Үздік спорттық округтер» номинациясын тағайындап, жалпы ауданның спорттық жетістіктеріне өз үлесін қосқан ауылдық округтерді марапаттау болды. Ол үшін сахна төріне Мағжан Жұмабаев ауданында дене шынықтыруды дамытуға елеулі үлес қосқан спорт ардагері - Марат Жаналин шақырылды. Марат Шақұлұлы - өз өмірін спортқа және жас ұрпақты

тәрбиелеуге арнады. Оның еңбегі мен төлімгерлігінің арқасында ауданда «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны дамып, республикалық деңгейде бірнеше чемпион мен жүлдегерлер тәрбиеленіп шықты.

Номинация жеңімпаздарына тоқталар болсақ, «Спорттың ойын түрлерін дамытқаны үшін» Возвышен ауылдық округі марапатталса, «Спорттың қысқы түрлерін дамытқаны үшін» номинациясы бойынша Алтын дән ауылдық округі үздік деп танылды. «Спорттың жекпе-жек түрлерін дамытқаны үшін» аталымында Қарақоға ауылдық округі жеңіске жетсе, «Ұлттық спорт түрлерін дамыту» номинациясына Лебяжье ауылдық округі лайық деп танылды. «Спорттық жарыстарға белсенді қатысқаны үшін» номинациясында Ноғайбай би ауылдық округі жеңімпаз атанса, аудандық спорт өміріне атсалысып, болашақта үлкен үміт күттіретін команда ретінде Аққайың ауылдық округі

«Болашағы зор» номинациясымен марапатталды.

Салтанатты шара барысында «Үміт» облыстық спартакиадасында, «Солтүстік-2025» облыстық қысқы спорт мерекесінде, «Ақ бидай - 2025» облыстық жазғы спорт мерекесінде, «Жастар - 2025» облыстық жастар спартакиадасында және ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық жарыста өнер көрсетіп, жеңімпаз және жүлдегер атанған аудан спортшылары жыл бойы көрсеткен жоғары спорттық нәтижелері үшін ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, бұл күні аудандағы спорт саласын дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар спорт ардагеріне бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Мерекелік іс-шара аудандық Мәдениет үйі көркемөнерпаздарының өзірлеген концерттік бағдарламасымен ұласып, өртістер жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

## АРАЛАС ВОЛЕЙБОЛ ЛИГАСЫ

# ЛЕБЯЖЬЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ – ВОЛЕЙБОЛ ЛИГАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

6 қыркүйек күні ауданның ауылдық округтері арасында аралас волейбол лигасы басталып, оындар әр сенбі сәйін Возвышен, Алтын дән, Ноғайбай би және Қарақоға ауылдық округтерінде болып өтті.

11 қазан күні мәресіне жеткен лиганың финалдық кезеңі Булаев қаласындағы Батыр Баян атындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінде өтіп, спорт маусымының жарқын қорытындысына айналды. Командалар жоғары дайындықтарын, командалық рухты және жеңіске деген талпыныстарын көрсетті. Тартысқа толы ойындардың нәтижесі бойынша командалар төмендегідей орындарға ие болды:

- 1 орын — Лебяжье ауылдық округі
- 2 орын — Булаев қаласы
- 3 орын — Возвышен ауылдық округі

4 орын — Қарақоға ауылдық округі  
5 орын — Алтын дән ауылдық округі  
6 орын — Ноғайбай би ауылдық округі

Жарыстар достық атмосферада өтіп, қатысушылар жоғары деңгейдегі ойын көрсетіп, волейболға деген сүйіспеншіліктерін паш етті.

Жеңімпаз команда – Лебяжье ауылдық округінің волейболшылары және жүлдегер атанған спорт ұжымдары кубоктармен, дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Жұлдегер командаларды шын жүректен жоғары нәтижелерімен құттықтаймыз және барлық командаларға белсенді қатысқандары үшін шынайы алғыс білдіреміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



## ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР

# МАҒЖАН БАТЫРЛАРЫ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

10 қазан Аққайың ауданы Ленинское ауылында ұлағайтын ұстаз Руслан Сағатқұлы Әлкенің еске алуға арналған қазақ күресінен 2013-2014-2015 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында өткізілген облыстық турнир болып өтті.

Аталмыш жарысқа облыс аудандарынан 100-ден аса балуан қатысып, боз кілемде өз ептілігін, мықтылығын, шеберлігін және жеңіске деген жігерлерін паш етті.

Осы турнирде ауданымыздың қазақ күресі бойынша жаттықтырушысы Амангелді Әміржанұлы Бөкировтың шәкірттері аудан намысын абыроймен қорғады. Жарыс нәтижесі бойынша 29 кг салмақта Төңірберген Абухари жарыс чемпионы атанса, Мусин Эльдар қола жүлдеге қол жеткізді.

42 кг салмақта Ақперген Дарын қола жүлдені иеленсе, 50 кг салмақта Абай Жангер күміс жүлдегер, Саркен Әбілмансұр қола жүлдегер атанды.

Барлық қатысушыларды, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды лайықты өнер көрсетуімен шын жүректен құттықтаймын.

Білектерінен күш кетпей, алдағы жарыстарда тек биіктен көрінуге тілектеспін.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,  
балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы.



САЗАМ АТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ТАРТУ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жаңа заңнамада әкімшілік жаза түрлерін қолдануда тәрбиелік және әлеуметтік әсері бар баламалы шараларға басымдық берілген. Соның ішінде қоғамдық жұмыстарға тарту - қазіргі уақытта әкімшілік жауаптылықтың жаңа әрі тиімді түрі ретінде қарастырылып отыр.

Қоғамдық жұмыстар әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның қоғамға тигізген зиянын өңсеруге бағытталған, яғни азаматтың өз еңбегі арқылы қоғам алдындағы жауапкершілігін өтеуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл тек жазалау ғана емес, сонымен бірге құқық бұзушының қайта әлеуметтенуіне және тәртіпке келуіне ықпал етеді.

Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының тәжірибесіне сөйкес, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген жаңа норма заңды күшіне еніп, сот тәжірибесінде қолданыла бастаған. Осы уақыттан бәрі 18 әкімшілік іс қаралып, олардың барлығында соттар тарапынан қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған.

Бұл жаңа заңнамалық өзгерістердің жүзінде қолданылып жатқанын және олардың әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуда оң әсерін тигізіп отырғанын көрсетеді.

Әсел БАЛТАШ,  
Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы.

ПОРТАЛҒА КІРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және пайдаланушыларды қорғау мақсатында осы жылдың қазан айынан бастап eGov.kz электрондық үкімет порталы мен оның құрамда Бөліктерінде (eОтinish сервисі, «Ашық үкімет» порталы) авторизациялау тәртібі жаңартылды. Енді электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы бірінші кезеңде жүйеге кіргеннен кейін пайдаланушы өзінің жеке басын 1414 нөмірінен келетін SMS-код арқылы қосымша растауы қажет.



Жаңа авторизация жүйесі ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және мемлекеттік онлайн-қызметтерді пайдалану кезінде пайдаланушы деректерін қорғауға бағытталған. Екінші кезең авторизациясы ЭЦҚ кілтін жоғалту немесе үшінші тұлғалардың пайдаланушы кілтін пайдалануы eGov.kz порталында заңсыз қол жеткізу әрекеттерінен азаматтарды қорғайды. Мұны іске асыру үшін пайдаланушының жеке басын порталда тіркелген мобилді телефон нөмірі арқылы растау қажет.

**1414 нөмірінен SMS келмесе не істеу керек?**  
SMS-кодтарды дұрыс алу үшін пайдаланушының телефоны eGov.kz порталындағы есептік жазбаға тіркелгенін тексеру қажет. Егер нөмір тіркелмесе, хабарламалар келмейді.

**SMS-кодсыз авторизацияның баламалы тәсілі бар ма?**  
Пайдаланушы eGov Mobile мобилді қосымшасы арқылы да авторизациялана алады. Ол үшін порталдағы авторизация бетінде көрсетілген арнайы QR-кодты мобилді қосымша арқылы сканерлеу қажет.

**Пайдаланушы шетелде болса не істеу керек?**  
Қазақстан Республикасының шегінен тыс жүрген жағдайда 1414 нөмірінен SMS хабарламалар тек халықаралық роуминг қосылғанда ғана келеді.

Сондықтан шетелде портал қызметтерін пайдалану алдында роуминг қызметінің қосылғанын тексеру маңызды.

**Маңызды!** Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға беру қауіпсіздік талаптарына сәйкес тыйым салынған, себебі ЭЦҚ – жеке сәйкестендіру құралы және жеке қолтаңбамен теңестіріледі. ЭЦҚ-ны басқа тұлғаларға бергені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

ЭЦҚ-мен жұмыс кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу үшін заңды тұлғаның құжаттарын тек басуы немесе ұйымның ресми өкілетті тұлғалары ғана қол қоя алады. Әркім өз атына берілген ЭЦҚ-ны пайдаланады, ал сенімхат тек осы тұлғаның құжатқа қол қоюға құқығы бар екенін растайды. Егер құжаттарды қол қою жүйесі қосымша өкілеттілерді талап етсе, жүйе месінен іс-әрекет тәртібін нақтылау қажет.

Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер өз атынан құжатқа қол қою үшін басқа тұлғаны ресми өкілеттілікпен тағайындай алады. Бұл жағдайда әркім өз атына берілген ЭЦҚ-ны пайдаланады.

Бұзушылық анықталған жағдайда жеке заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Тәртіп бұзушының санатына қарай келесі мөлшерде айыппұлдар қарастырылған:

- жеке тұлғаларға – 50 АЕК (196 600 теңге);
- лауазымды тұлғаларға, шағын бизнес субъектілеріне және коммерциялық емес ұйымдарға – 100 АЕК (393 200 теңге);
- орта бизнес субъектілеріне – 150 АЕК (589 800 теңге);
- ірі бизнес субъектілеріне – 200 АЕК (786 400 теңге).

Авторизациялау тәртібіндегі өзгеріс «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірінші талаптарды бекіту туралы» құжаттың 47-тармағына сәйкес енгізілді, онда көпфакторлы аутентификацияны міндетті түрде қолдану қарастырылған. Жаңартылған авторизациялау тәртібі жеке және заңды тұлғаларға бірдей қолданылады.

Жайна СЕИДАХМЕТ,  
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ПЕШТІ ЖАҒУ КЕЗІНДЕ  
ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ  
ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ  
ХАЛЫҚҚА ЖАДЫНАМА

«Пеш» өрттерінің шыңы, жылыту маусымына, суық мезгілге келеді. Жалға алушылар мен үй иелері жазғы кезеңде жылыту құрылғыларымен жұмыс істеу дағдыларын жоғалтып, сақтық шараларын ұмытады. Иә, және пештің жабдықтары уақыт өте келе жарамсыз болып қалады.

Мағжан Жұмабаев ауданының ТЖБ апатты болдырмау үшін сақталуы қажет негізгі қауіпсіздік ережелерін еске салады.

«ПЕШ» ӨРТТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ:

Біріншіден, пешті орнату ережелерін бұзу; ағаш едендер арқылы өтетін жерлерде түтін құбырларын жеткіліксіз кесу, сондай-ақ кішігірім шегіністер-пеш қабырғалары мен үйдің қабырғалары мен қабырғаларының ағаш конструкциялары арасындағы қашықтық; пеш алдындағы металл қаңылтыр беттің болмауы. Пештің астына бөлек іргетас салынуауы.

Екіншіден, пешті пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу; пешті бензинмен, керосинмен және басқа да тез тұтанатын сұйықтықтармен жағу; ұзындығы пештің ұзындығынан асатын отынды пайдалану; пештің қызып кетуі; ашық қалған өсіктер; киімді немесе басқа заттарды отқа жақын жерде келтіру.

ПЕШТІ ОРНАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША  
ҰСЫНЫСТАР:

Пеште жақсы тарту, жылу беру, үнемділік және эстетикалық қасиеттер ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік бағаланатынын есте ұстаған жөн.

Дұрыс салынбаған пеш үйде өрт тудыруы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін пешті салу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныс емес адамдарға тапсырмаңыз.

Жылыту маусымы басталмас бұрын пешті тексеріп, жөндеу керек, мұржаларды күйден тазартып, ағарту керек. Дұрыс емес пештер, каминдер мен түтін мұржалары пайдалануға берілмеуі тиіс.

Пеш ақ болуы керек. Бұл пештің өртеке өкел соғуы мүмкін ақаулары мен жарықтарын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді, өйткені ақ фонда қара түтіннің іздері анық көрінеді.

Түтін шығару үшін баспадалары жоқ тік түтін құбырларын пайдалану керек. Түтін құбырлары жанатын конструкциялармен қиылысатын жерлерде түтін арналарының ішкі бетінен осы конструкцияларға дейінгі қашықтық кемінде 38 см болуы тиіс.

Жанғыш және отқа төзімді едендерді қорғау үшін пештің оттық қорбының алдында 70x50 см металл қаңылтыр орнату керек.

ПЕШТІ ЖАҒУ КЕЗІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Жанғыл жатқан пештерді қараусыз қалдыруға, сондай-ақ балаларға қадағалауға.

- Отын мен басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдында қалдыруға.

- Пештерді жағу үшін бензин, керосин, басқада оңай жанғыш сұйықтықтарды қолдануға.

- Осы отынға арналмаған пештерді көмірмен, газбен жағуға.

- Пештерді қатты қыздыруға.

- Өрт қауіпсіздігі талаптарына, стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келмейтін металл пештерді орнату. Зауытта дайындалған уақытша металл және басқа да пештерді орнату кезінде өндіріш кәсіпорындардың нұсқаулары (нұсқаулықтары), сондай-ақ жылыту жүйелеріне қойылатын жобалау нормаларының талаптары орындалуы тиіс.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- өрт белгілері (түтін, күйкі иісі, жоғары температура) анықталған жағдайда, 101 телефоны бойынша өртеке қарсы қызметке дереу хабарлау қажет.

- Обьектінің мекен-жайын, өрттің орнын және аты-жөніңізді айту;

- адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды дереу ұйымдастыру;

- өрт сөндіру бөлмешіс келгенге дейін өртті сөндіруге қолда бар алғашқы өрт сөндіру құралдарын (су, құм, қар, өрт сөндіргіштер, суға малынған мата материалдары) пайдалану;

- қауіпті аймақтан қатп адамдарды, балаларды, мүгедектерді және науқастарды қауіпсіз жерге көшіру.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР  
22,29 МЛН ДОЛЛАРДАН АСТАМ ҚАРАЖАТ  
ПАЙДАЛАНДЫ

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бағдарлама басталаған сәттен бері (2024 жылғы 1 ақпан) үкілетті оператор 22,29 млн АҚШ долларынан астам сомаға 156 956 өтініш орындады. Қаражат үкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін аударылды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін 14,14 млн доллар сомағына 98 046 өтініш, білім алу ақысын төлеуге шамамен 8,15 млн доллар сомағына 58 910 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыруға 13,85 млн АҚШ долларына 95 786 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге 101,44 мың АҚШ долларына 755 өтініш және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) 69,88 мың АҚШ долларына 553 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық келемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (7,38 млн АҚШ долларына 52 574 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (527,67 мың АҚШ долларына 4 477 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық келемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (194,54 мың АҚШ долларына 1 526 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша үкілетті операторлар мен өңірлер белінсіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Нысаналы жинақтар төлемін алу үшін алушыға не оның заңды өкіліне БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасаған үкілетті операторға жүгінуге қажет. Өтінішті «Отбасы банкi» АҚ, «Қазақстан Халық банкi» АҚ-ның бірінің интернет-ресурсы немесе мобилді қосымшасы арқылы беруге болады. Айта кетейік, 01.08.2025 жылдан бастап аталған тізім «Банк ЦентрКредит» АҚ жаңа үкілетті операторымен толықтырылды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан



алғашқы қаражат есептелген балаларға биыл 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағындағы қаражат 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін үкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

Нысаналы жинақтар төлемін рәсімдеу үшін алушы не оның заңды өкілі БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасалған үкілетті операторға жүгінуге қажет. Өтінішті интернет-ресурс немесе «Отбасы банкi» АҚ (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және білім беру ақысын төлеу мақсатында), «Қазақстан Халық банкi» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім беру ақысын төлеу мақсатында) үкілетті операторларының бірінің мобилді қосымшасы арқылы беруге болады.

Kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы білім нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q280M> сілтемесі бойынша көруге болады.



Дүйсенбі, 20 қазан	Сейсенбі, 21 қазан	Сәрсенбі, 22 қазан	Бейсенбі, 23 қазан	Жұма, 24 қазан	Сенбі, 25 қазан	Жексенбі, 26 қазан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00, 04.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 TANSHOLPAN. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 04.55 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 14.10, 03.10 АПТА. 15.00, 04.35 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ. 16.00, 00.10 Т/Х «АЖЖАУЫН». 17.20, 01.10 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.25 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 04.05 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00, 04.15 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.45 АҚПАРАТ. 06.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 TANSHOLPAN. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 14.20 ЗАН АЛДЫНДА. 14.40 ТЕМРЖОЛШЫ. 15.05, 05.05 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 02.00 Т/Х «АЖЖАУЫН». 17.20, 03.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 04.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ. 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00, 04.15 ӘНУРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 TANSHOLPAN. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 14.20 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00, 05.05 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 02.00 Т/Х «АЖЖАУЫН». 17.20, 03.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 04.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ. 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 TANSHOLPAN. 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.40 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 04.20 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 13.10 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 14.20 «БӨРКЕЛДІ». 15.40, 04.00 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «АЖЖАУЫН». 17.20, 01.55 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 03.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 ҰНАЙДЫ МАҒАН. 23.20 1001 ТҮН. 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.25 ФУТБОЛ. 07.10 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР ӨН БАЙҚАУЫ. 09.00 М/Ф. 09.50 «ҰНАЙДЫ МАҒАН». 10.00МЕЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӨСІМІ. 10.05, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.00, 20.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН». 14.00, 00.55 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ. 14.35, 21.45 КОНЦЕРТ. 16.25, 02.25 Д/Ф. 17.20, 01.45 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 02.05 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 22.45 «ҰЛЫ ДАЛА ТАНЫ», Х/Ф. 03.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 03.45 «БӨРКЕЛДІ». 04.45 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Д/Ф. 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 07.10 М/Ф. 08.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.50 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 09.25, 01.20 «ДЕРБЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ», Д/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 М/Ф «БЕМБИ 2». 15.20 Д/Ф. 16.10, 01.55 КОНЦЕРТ. 20.00, 00.20 АПТА. 20.50, 01.10 АҚОРДА. 21.00 Т/Х «ЕСТАЙ МЕН ҚОРЛАН». 23.00 «НАРТӨУЕКЕЛ». 03.25 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Д/Ф. 04.15 «ҰМИС КӨМЕЙ», Д/Ф. 05.00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	

Дүйсенбі, 20 қазан	Сейсенбі, 21 қазан	Сәрсенбі, 22 қазан	Бейсенбі, 23 қазан	Жұма, 24 қазан	Сенбі, 25 қазан	Жексенбі, 26 қазан
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00, 16.00 Т/Х «СЕКРЕТАРША». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 10.30 М/Ф «СУПЕР МЯУ». 11.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30 ХАҚЫН БАР. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ЖҰМЫР ЖЕР. 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШІРЕС. 23.40 Т/Х «QIMYLDAMA». 00.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «СЕКРЕТАРША». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 PRESIDENT. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30 ӘЛЕУМЕТ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 ДӘСТҮР. 16.00 Т/Х «ПРО ВЕРУ». 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШІРЕС. 23.40 Т/Х «QIMYLDAMA». 00.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ПРО ВЕРУ». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.30 Д/Ф. 18.00 ХАБАР. 19.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «РАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 22.40 КЕШІРЕС. 23.40 Т/Х «QIMYLDAMA». 00.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ПРО ВЕРУ». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 19.30 НОВОСТИ. 08.35 НЕОСЕТЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.30 Д/Ф. 18.00 ХАБАР. 19.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «РАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 22.40 КЕШІРЕС. 23.40 Т/Х «QIMYLDAMA». 00.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ПРО ВЕРУ». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00, 20.00 Т/Х «РАШЫҚТЫҢ ТІЛІ». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКТІ. 15.30 «ИСТОРИЯ О НАС», Д/Ф. 18.30 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 22.40 КЕШІРЕС. 23.40 Т/Х «QIMYLDAMA». 00.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30, 23.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 М/Ф. 11.40 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН». МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 12.00 «ПАДЕНИЕ ОЛИМПА», Х/Ф. 14.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ. 15.15 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 17.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 18.15 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 19.45 АЛАШҚЫ. 20.45 ҚЫЗЫК TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 ОЙНАIQ. 08.30, 23.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН». МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 12.00 «ПАДЕНИЕ ЛОНДОНА», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 ӨМІР ӨРНЕГІ. 16.30 ҚЫЗЫК TIMES. 17.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 20.00 THE VOICE КАЗАҚСТАН. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 20 қазан	Сейсенбі, 21 қазан	Сәрсенбі, 22 қазан	Бейсенбі, 23 қазан	Жұма, 24 қазан	Сенбі, 25 қазан	Жексенбі, 26 қазан
<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «КУДА УХОДЯТ ДОЖДИ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 Т/С «НЕНАВИЖУ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 02.00 «П@УТИНА». 09.00 «ЗОЛОТАЯ РЫБКА», Х/Ф. 11.05 «ВЕРЬ МНЕ», Х/Ф. 16.15 ҚАЙМАК. 17.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОЛ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ». 20.55 КОНЦЕРТ. 21.10 «АЛЛИГАТОР», Х/Ф. 03.50 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 01.50 «П@УТИНА». 09.10 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ», Х/Ф. 10.10 Т/С «ЖЕНИТЬ ПОМИЛОВАТЬ». 15.15 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД». 17.40 «НЕ ГОВОРИТЕ МНЕ О НЕМ». 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 СПЕЦШЫПУСК. 21.00 Т/С «АЛЛИГАТОР».

- Ғылымды меңгеру үшін адамның ынтасы, табандылығы және сабырлығы қажет.  
- Жетілген адам – әділдікті, ізгілікті серік еткен адам.  
- Тәрбиесіз қоғам түскен билік – адамзатты бұзатын күшке айналады.  
ӘЛ-ФАРАБИ.



БАСПАСӨЗ - 2026

## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»  
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге  
2026 жылдың  
бірінші жартыжылдығына  
жазылу науқаны  
басталғанын  
хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық  
пошта және газет  
редакциясында жазылуға  
болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға  
жазылу бағасы -  
жеке тұлғалар үшін -  
2185 тенге,  
заңды тұлғалар үшін -  
3372 тенге.**

**Анықтама телефоны:  
пошта - 2-17-80.  
редакция - 2-21-35.**

Оқырманның назарына!

## КІТАПХАНА ЖАҢА КІТАПШЕН ТОЛЫҚТЫ



Қымбатты достар!

Біздің өлкетану әдебиетіміз талантты жазушы Сағындық Рахымжанның «Сағындық дәптері» атты жаңа басылыммен толықты.

Кітаптың мазмұны екі бөлімнен тұрады - «Ұлдың борышы» мен «Сағындым ата, иісінді». Бұл кітапта жазушы өзі куәгер болған өміріндегі оқиғалар туралы жазған.

Кітапқа енген әңгімелер қарапайым ауыл адамдары туралы және олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі бейнеленген. Сонымен қатар жақын туыстарының өмірі, ата мен әжесіне арналған әңгімелер де бар.

Жазушы үшін атасы мен әжесі - ең қымбат және сүйікті адамдары. Көп жылдар өтсе де, олардың берген тәрбиесі, жылы сөздері оның жадында сақталған.

Жазушы әңгімелерінде ата мен әжесі туралы ерекше сүйіспеншілікпен және жылулықпен жазып, сағыныш сезімін білдіреді.

Автор кітап арқылы көпшілікке ауылда өткізген балалық кездері және атасы мен әжесіне сағыныш сезімі туралы айтады. Кітап тез өрі жеңіл оқылады.

Сондықтан «Сағындық дәптері» атты жаңа басылыммен танысып, оқу үшін біздің кітапханаға келулеріңізге болады.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,  
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

Аудан тұрғындарының назарына!

## АУДАНДЫҚ ЕМХАНАДА БІРЫҢҒАЙ САЛ-ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

**ҚҰРМЕТТІ  
АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!**

Сіздерге аудандық емханада бірыңғай Call-орталық жұмыс істейтінін хабарлаймыз. Сіздер енді 7-99-15 нөміріне хабарласа аласыздар. Ыңғайлы болу үшін әр түрлі қызметтер үшін келесі қосымша нөмірлер қарастырылған:

**Ересектерді тіркеу бөлімі**

ұялы телефон: 8-702-075-15-04, жергілікті телефон: 7-99-10, 2-81-19;

**Балаларды тіркеу бөлімі**

ұялы телефон: 8-775-096-30-54;

**Пашенттерді қолдау қызметі (ПҚК)**

ұялы телефон: 8-702-075-15-06, жергілікті

телефон: 7-99-15, 7-99-08;

**Дәріхана**

ұялы телефон: 8-702-075-15-39, жергілікті

телефон: 7-99-71.

Біз Сіздердің кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге және көмек көрсетуге әзірміз!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ

**19**  
ҚАЗАН  
ОКТАБРЯ  
**18:00**

Аудандық  
Мәдениет үйі

Билеттер аудандық  
мәдениет үйі кассасында  
сатылады

САХНАДА 25 ЖЫЛ

**ТҰРСЫНБЕК  
ҚАБАТОВ**

**ЖАҢА БАҒДАРЛАМА**

+77020919119 +77752137989

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДЫҢ  
ЕҢ КӨП  
ҚОЛДАНАТЫҢ  
10 АЙЛАСЫ



1. «Ақшаңызды сақтау үшін оны басқа шотқа аударыңыз немесе депозиттен шешіп, басқа шотқа салыңыз». Жалған қауіп тудырып, адамды шатастырады.
2. «Сізбен тергеуші немесе ІІМ, ҰҚК қызметкері сөйлесіп тұр. Тұтқаны қоймаңыз». Жалған беделге сүйеніп, қысым жасайды.
3. «Бұл қоңырау туралы ешкімге айтпаңыз — құпия операция жүргізіліп жатыр». Жәбірленушіні оқшаулап, кеңес алуына кедергі жасайды.
4. «Кілт сөзді өзгертуге өтінім түсті». Шотқа қолжетімділікті жоғалтасыз деген ой салады.
5. «Мен байланыс операторының қауіпсіздік қызметіненмін. Қазір сізге код келеді, соны айтып жіберіңіз». SIM-картаны немесе банк жүйесін ұрлау үшін қолданылады.
6. «Депозиттегі қаражатты банк шотына аудару қажет». Ақшаны өз шоттарына аудартады.
7. «Бұл — ұлттық қауіпсіздік қызметкері. Қай банкте шоттарыңыз барын айтыңыз. Карта мен депозитті дереу бұғаттау үшін деректеріңізді беріңіз». Барлық мәліметтерді жинап, кейін ақша ұрлайды.
8. «Жақыныңыз қиын жағдайға түсті (ЖКО, полиция, аурухана). Шұғыл ақша жіберу керек». Эмоцияға беріліп, уақытпен қысады.
9. «Сіз сыйлық/өтемақы ұтып алдыңыз! Оны алу үшін салықты немесе жеткізу ақысын төлеуіңіз керек». Жалған пайда ұсынып, ақша бопсалайды.
10. «Шотыңыздан ақша шешуге әрекет жасалды. Операцияны тоқтату үшін SMS-кодты айтыңыз». Құпия кодты алдап алады.

**Мұндай қоңыраулардың мақсаты:**

- клиенттің мобильді қосымшасына қол жеткізу;
- ақшаны «қорғалған шотқа» өз еркімен аудартқызу;
- TeamViewer, AnyDesk, RustDesk, Hoptodesk, RudeDesktop секілді қашықтан басқару бағдарламаларын орнатуға көндіру.

**КЕҢЕС: Ешқашан CVV, PIN, картаның толық деректерін, SMS-кодтарды ешкімге айтпаңыз!**

Полиция, банк немесе байланыс операторлары ақша немесе код сұрамайды.

POLISIA.KZ.

Директор - бас редактор  
Нели ГОНЧАР

Газеттің мәмілік несі:  
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Сағұстүтік  
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,  
Бұлзев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.  
Тел: 2-17-49.  
Басылым индексі 65360  
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына  
1 рет бейсенбі күні  
шығады.  
Жазылу индексі - 65360

«Magjan Juldzyz» газеті  
редакциясы терізіл беттеледі.  
«Северный Казахстан»  
баспаханасында басылады.  
(Петровск қ., Кошукон кө-сі, 5 үй).  
Тарауына - 450

Газет аудан ақбаны, аудандық  
мәдениет үйінің және аудандық  
мәдениет үйінің қолдауымен  
жарыяланады және газеттер арқылы  
мемлекеттік ақпараттық саясатты  
жүргізудегі ресми басылым болып  
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құрамына алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәншігіне айналады, ретвизияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады